

КАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ
ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР
ИНСТИТУТ ЛИТЕРАТУРЫ И
ИСКУССТВА им. М. О. АУЭЗОВА

Шәкәрім
Құдайбердіұлы

ҮШ АНЫҚ
ТРИ ИСТИНЫ

Шакарим
Кудайбердиев

Алматы "Қазақстан"
және "Ғақлия" ғылыми-әдеби
орталығы 1991

ББК 87.3

Қ74

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ӘДӘБИЕТ БАС РЕДАКЦИЯСЫ

Переводчик Е. Х. Сыздыков

Жауапты редакторы филология ғылымының кандидаты

А. Сейдімбеков

Құдайбердіұлы Ш.

К 74 Үш анық /ҚазССР Ғылым акад., М. О. Әуезов атын.
әдебиет және өнер ин-ты; Жауапты ред. А.
Сейдімбеков - Алматы: Қазақстан: "Ғақлия ғыл.- әдеби
орталығы, 1991 - 80 бет.

ISBN 5-61 5-00923-3

Шөкерімнің отыз жылдай ізденіп жазған, бұрын баспа бетін көрмеген
"Үш анық" атты еңбегі туралы хабардар болсақ та қолдан көшірілген
нұсқасының өзін де оқи алмай келдік ... Жойылып кетуден аман қалған
қолжазбаның екі нұсқасы салыстырыла отырылып қалпына келтірілді.

"Үш анық" деп аталатын бұл философиялық еңбегі автордың репрес-
сияға ұшырауына байланысты жарты ғасырдан астам уақыт оқырман на-
зарынан тыс қалып келді. Қазір Шөкерімнің творчестволық мұрасы ха-
лыққа қайта оралды. Автор бұл еңбегінде батыс, шығыс философтары-
ның материалистік және идеалистік еңбектерін кең көлемде, тиімділік-
ті зерттей келіп, өз ой қорытындысы ретінде әр ғылым туралы өзіндік
ой толғанымсын ұсынады. Бұл әса құнды еңбек шын мәнінде ХІХ және
ХХ ғасырдағы Қазақстандағы философиялық ойдың шыңын көрсетсе
керек.

Қолпшілік оқырманға арналған.

Работу "Три истины" Шакарим создавал долгих тридцать лет, о ней
много слышали, но мало кому доводилось ее читать, да и то переписан-
ную от руки... Осталось два экземпляра чудом уцелевшей рукописи: уда-
лось восстановить их и объединить в одну.

Этот философский труд в связи с репрессиями, обрушившимися на по-
эта, в течение более полувекового периода оставался вне поля зрения чи-
тателя. Сейчас творческое наследие Шакарима возвращено народу.

Разносторонне и основательно изучив как материалистические, так и
идеалистические произведения западных и восточных философов, мыс-
лителей, Шакарим в своем труде "Три истины" разрабатывает собствен-
ную оригинальную концепцию философии. Эта книга является
бесценной реликвией, которая по сути представляет собой вершину
философской мысли Казахстана ХІХ - начала ХХ вв.

Для массового читателя.

К 0301 030000-121 - без объявл. 91
401 (05)-91

Получено в дар

ББК 87.3

ISBN 5-61 5-00923-3

Қазақстан Республикасы

Ғылым және ғылым Министрлігі

Орталық ғылым

© Ш. Құдайбердіұлы, 1991

А. Сейдімбеков

ШӘКӘРІМНІҢ "ҮШ АНЫҒЫ"

Шәкәрімнің творчестволық рухани жағынан қалыптасу жолы дала қазағының арнайы оқу орнында оқып, даярланбаған қалпын танытады. Бірақ не болса да өзі түртініп араб, парсы, шағатай, орыс тілін үйреніп, сол тілдерде жазылған рухани қазына көздерін тереңдей меңгеріп, шыншылдықпен ой қорытқан дала ойшылын көреміз.

Шәкәрімнің ойшылдық, ақындық кітапханасының көлемі мейлінше кең әрі жан-жақты боп келеді. Бір жақсысы олардың бәрі де өз шығармаларында аталып, нақтылы дерек, мағлұмат, сілтеме түрінде беріліп отыратыны бар. Бір жағынан мұнысы әсіресе Абайдың ақындық кітапханасының көлемі мен жайын танып білуде таптырмайтын бірегей деректеме көзіне де айналып отыр.

Шәкәрім өлеңдеріндегі ойшылдық, философиялық пікір танымдар көбінесе оның бүгінге дейін басылым көрмеген "Үш анық" деп аталып келген ел арасында таралған қолжазба-көшірмелерінде жатыр. Шәкәрімнің бүкіл рухани болмысындағы ақындық өнер мен ойшылдық танымы өзіндік сыры мол, айтылар пікірінің астарлы қабаттары оқырман атаулыға алдын ала даярлықсыз ашыла бермейтін сыр бүгіп жатқан ерекшелігі де бар. "Үш анықтағы" таратылатын басты ойдың өзекті желісі де Абай мұрасындағы мораль философиясына орай кеңінен таратылатын *жан құмары* мәселесімен тікелей байланыста жатқан құбылыспен астасатындықтан, Абай шығармаларындағы осы мәселенің не екенін жіті танып білген кісі ғана Шәкәрім ойына еркін бойлай ал-

мақ. Мұның себебі "...Абай марқұм болған соң , содан гибрат алып мен адамдықтың, адалдықтың жолын қуғаным жөн деп, басымды шытырман шатактан ерте босатып алып, білім жолына түстім",-деп Шәкәрімнің өзі Абайдағы мораль философиясына ерте қадам басқанын атап көрсетуінде үлкен мән-мағына жатыр деп білмек керек.

Шәкәрім "Үш анығын" жазу жолында айтарлықтай алдын ала зор даярлықтан өткен. Шығыс пен Батыстың рухани қазына көздеріне бас қойғанда, ондағы идеалистік, материалистік бағыттағы еңбектермен таныстығы мол болған себепті:

Пәінші дейді: - Кайда тәңірі?

Дінші дейді: - Менде тұр...

Пәінші /ғалым - М.М / нанды бес сезімге,

Дінші /теолог - М.М./ адасты жолынан, -

деген сыншыл ой қорытындысы ретінде берілген дүниетаным көп нәрсенің астарлы сырын да аңғартады емес пе? Осы арқылы Шәкәрім, біріншіден, затшылдық ғылым жолындағы таным мен, екіншіден, дін жолындағы теологтардың дүниетанымы бірінші, екінші анық деп көрсетеді де :

Іздедім, таптым анығын

Тастадым ескі *танымын*, -

деп өзі ғұмыр бойы шарқ ұрып ізденіп тапқан жолы үшінші анықты ұсынады. Ол - үшінші анығы Абайда келінен сөз болған мораль философиясындағы жан құмарына барып ұштасатын *ұждан* туралы күрделі проблеманы көтереді. Мұнысы Шәкәрімнің ұзақ жылдарға созылған ғылыми-творчестволық ізденіс үстінде келіп туған ой қорытындысы ретінде берілетін негізгі ой тезисі:

Еңбекпенен, өріскпенен

Өнер ойға тоқылса,

Жайнар көңіл, қайнар өмір

Ар ілімі оқылса,-

деп тұжырымдалған танымында жатыр. Яғни, Шәкәрімнің "Үш анықтағы" мақсаты ар түзейтін бір ғылымды табу болғандықтан, өмір бойы осы жолда ізденген.

Осы ар ілімі саласында тікелей немесе жанама түрде

жазылған Батыс, Шығыс тілдерінде жазылған еңбектердегі мораль философиясы жайлы ойлар тарихын сыншыл көзбен екшей келіп тапқаны:

Отыз жылдай жиғаным,
Сау ақыл - менің иманым.
Аламын соған сирағым,-

деп өзіндік жан сырын Абайдағы нұрлы ақыл ұғымымен сабақтастыра қарайтыны бар. Яғни, Шәкәрім "Үш анық" деп аталатын философиялық трактатын жазуға даярлықты 1898 жылдан бастап кірісіп, отыз жылдай ізденіп, жиған тергенін өз ой көрігінен өткізіп қорытындыны 1928 жылы аяқтағанын көреміз.

Калың оқырман қауымға алғаш рет ұсынылып отырған Шәкәрімнің "Үш анығында" сөз болатын басты мәселе ар ілімінің негізі боп табылатын нәрсе "Адамдағы: ынсап, өділет, мейірім - үшсеуі қосылып ұждан деген ұғым шығады. Мұны орысша совесть деп атайды... бүған нана алмаған адамның жүрегін еш бір ғылым, өнер, еш бір заң тазарта алмайды... ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап істесе, оның жүрегін ешнәрсе қарайта алмайды",- деп тебірсене терең ой толғауы бүгінде қайта құру заманында халқымыздың алға қойып отырған рухани жағынан жаңару талабына да үндес келіп жатыр емес пе? Бұлай дейтін себебіміз кеше ғана орыс халқының айтулы ғалымы академик Лихачев адамгершілік тәрбиеге шешуші мән бермейінше, ендігі жерде қоғамның өмір сүруі екі талай деп үзілді - кесілді пікір түюіне Шәкәрім мұрасы да үндес шығады деп білеміз.

Мекемтас МЫРЗАХМЕТОВ,
филология ғылымдарының докторы.

ҮШ АНЫҚ

Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс- ұждан. Ұ ж д а н - дегеніміз ынсап, әділет, мейірім.

СӨЗБАСЫ

Кетті, келді,
Толды, семді,
Өзгеленді бұл ағалам.
Туды, өлді,
Жанды, сөнді,
Өршіп өнді қайтадан.
Дөңгеленткен,
Өңгеленткен,
Түк білімсіз күш пе екен?
Тіпті мінсіз,
Кемшіліксіз,
Есті қылған іс пе екен?
Жан деген не,
Мүлде өле ме,
Шын жоғалып сөне ме?
Дене жөн деп,
Жоғары өрлеп,
Жанын мен деп келе ме?

Осы дүниеде көзге ілінбейтін кішкентай жандылардан бастап адамдарға шейін бәрі өзі һәм нәсілдерінің жақсылықта болып өсіп-өнуіне қам қылады. Мұны - "барлық таласы" дейді. Бұл жаратылыстың берік жолы. Сондықтан барша адам шамасына қарай қай бірі өзі үшін, қай бірі табы үшін, қай бірі барша адам үшін жақсылық бақ іздейді. Ақыл қарауында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады.

Тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол бар. Бірі, дене өлсе де жан жоғалмайды, өлгеннен соң да бұл тіршілікке, тіпті, ұқсамайтын бір түрлі өмір бар. Сондықтан жалғыз ғана дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек дейді. Мұны ақырет - өлгеннен соңғы өмір жолы дейді. Енді бірі бұл әлемдегі барлық нәрсенің бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылайын деп жаратқан иесі жоқ, һәм өлген соң тірілетін жан жоқ дейді. Менің ойымша, осы екі жолдың қайсысы анық екенін табу ақылы сау адамға қатты міндет. Неге десен адамды түпкілікті бақытқа жеткізбек болсақ біліп жаратушы ие бар өлген соң да бір түрлі өмір бар деген жолдың шын, өтірігін білуіміз керек. Егер шын болса, соның да қамын ойлап, адамдарды түпкілікті бақытқа жеткізу үшін, егер өтірік болса, оған әуреленбей жалғыз ғана осы дүние қамын қылу үшін, олай болса бұл екеуін қалай тексереміз? Оны тексерушінің әр түрлі діндер жайынан, әр түрлі ғылым жайынан әрбір білімділердің сол туралы айтқан сөздерінен хабары болу керек. Және қатты керек бір шарты - өзінің тұтқан діні, оқыған-ұғынғаны, қалыптанған әдеті, құмар ісі бәлендей жақсы кісі айтты деп нанып қалған сөзіне біржола байланып қалмай, ақылмен әбден шын босатып сол екі жолдағылардың жазған кітап, айтқан сөз, қылған істері һәм оларға қарсы айтқан сөздердің бәрін ноктасыз, науқассыз сау ақылмен сынау керек. Әйтпесе, адам әдет, құмар нанымынан шыға алмай, арқандаулы ат сияқты болады. Және өзінің мынау жөн дегенін халық алдына салғаны жөн. Неге десен, қайсысы болса да әбден сыналып, тазарған соң шын болмақ.

Бұл екі жолдың түбі қайдан шыққанын тексерсе, адамдардың біз һәм әлемдегі барша нәрселердің қайдан бар болғанын, мұны кім жаратқан деген ойынан шыққан. Неге десен, адамның ақылы оны ойламай тұра алмайды және адам жаңа бір нәрсені көрсе мұны кім жасаған, бұл неге керек демей қоймайды? Сондықтан жаратушыны іздеп әркім әр түрлі ой жүргізген. Тіпті, ескі замандағылар жаратушы осы деп немесе осында жаратушының қасиеті бар деп күн, от, ағаш, тас сияқтыларға табынған. Немесе әр нәрсенің бір тәнірісі бар деп сурет жасап табынған. Онымен де тұрмай адам қолынан кел-

мейтін істерді істеген алдамшы жәдігөй, бақсы, дуана сияқтыларды да тәнірінің орнын басады деп сондайларға да табынған. Сөйтіп, соқыр кісіше сандалып жүргенде пайғамбар дегендер шығып, барлықтың бәрін жаратқан ие бар, өлген соң бір түрлі тіршілік бар, осы өмірде қылған ісіңе қарай ол өмірде де өлшеусіз бақ, қиын азап бар, мұны бізге сол жаратушы ие білдіреді дейді. Сіздерге ұқтыруға бұйырды деген. Ол кездегі адамның бір қатары бұған нанып ерсе де, бір қатары нана алмай бұрынғы қалып алып қалған әдетінен шыға алмаған.

Енді біліп жаратқан ие де жоқ, өлген соң өмір де жоқ деген жолдың түбінде осы барлық әлем неден бар болды деген ойдан шыққаны төменгі сөзден мәлім болды. Ескі заманның білімділері әр нәрсенің түпкі негізі неден жаралғанын тексеріп, тамам нәрсенің негізі төрт нәрсе деп білген. Онысы - от, су, топырақ, ауа. Олардан кейінгі білімділер ол төрт нәрсенің әр біреуі әлде неше негізден жаралғанын таба-таба жақынырақ кезде түп негізі сексен шамалы екенін тапты. Әр дененің көзге ілінбейтін кішкентай тараулардан қосылып жаралғанын тауып, ол кішкентайды қанша ұсақтаса да ақырында, тіпті, бөлуге келмейтін болады. Сол бөлінуге келмейтін түп негіздердің атын Европаша атом деп атап, арабша мадда немесе әсер деп атады. Біздің қазақша аты жоқ болған соң бұл кітапта біз оны атом, мадда деп атаймыз. Сөйтіп барша нәрсе сол сексен шамалы атомдардың бір-біріне қосылғанынан дене жасап, әлде неше түрге түсіп, бірі-бірінен өршіп, жаралып жатқанын тапқан.

Мұны алғашқы тапқан ион-грек жұртының Пифагор деген білімдісі. Кейбіреулердің сөзіне қарағанда Пифагор оны Финикия жұртынан үйренді дейді. Олай болса алғашқы тапқан Финикияның Садда деген қаласынан шыққан Моско деген адамы болады. Кім бұрын тапса да, бұл атомды басында не нәрседен жаралғанын, оның не іске жарайтынын білу үшін іздеп тапса да, гректің Эпикур уа Демокрит деген білімділері сол атомды дәлел қылып, барлық әлем атомнан өршіп жаралып жатыр, оны былай қылайыншы деп біліп жаратқан ие жоқ деген бір жолға негіз салды.

Араб жұртының патшалығы зорайып әр елдерді қол астына қаратқан Аббас тұқымы патша болған кезде ион-гректің білімділерінің жазған кітаптарын араб тіліне

көшіргенде осы атом туралы сөздерді араб тіліне көшіріп, мұсылман молдаларының ортасына: барлық әлем басынан бар ма еді? Соңынан жаралды ма деген дау кіруіне осы атом себеп болды. Соңғы кезде Еуропаның Гассенди, Декарт, Ньютон, Линней сияқты ойшылдары бұрынғы Эпикур, Демокриттерден қалған жаратушы не жоқ дегенді қайта жаңғыртып, Еуропа арасына сол ойдың жайылуына себеп болды. Және атомдар бірін-бірі тартып қосылуына бір күшті дәлел табылды. Ол әр нәрседі бірін-бірі тартатын қуат барлығы. Оны орысша притяжение деп, арабша тажазиб дейді. Мұны алғашқы тапқан Англияның Исаак Ньютон деген ойшылы.

17 жүз жылдарда /XVII ғасырда-күрастырушы/ алманың үзіліп жерге түскенінен ойлап тапқан. Бұл біліп жаратқан не жоқ дегенді ұғымдырақ айтсақ, әлемдегі бар нәрсенің негізі сексен түрлі атом, солар бірін-бірі тартатын притяжение заңымен қосылып, дене жасап, бірінен бірі өсіп, өзгеріп жатыр, оны былай қылайын деп әр қайсысын әр бөлек жаратып жатқан не жоқ және жан деген өз алдына бір нәрсе емес, сол атомдардан жаралған дененің бір қозғалысы өзгерістерінен шыққан сияпат.

Адам өлген соң дененің барша құраулары шіріп, шашылып, бытырап әр қайсысы өз атомдарына қосылып кетеді де, жан дегенің бір жола жоғалады. Сондықтан өлген соң тірілу жоқ дейді. Жақын кезде шыққан бір кітапта Еуропаның осы кездегі білімділері атомды электрия қуатымен әлде неше бөліп, ол ұсақтың атын электрон қойды дейді. Мұның арабша аты жоқ болса керек еді. Жақында бір оқыған кітапта "Хихату хахараба аниіе" депті. Мағынасы электрия талқаны деген-ау деймін. Бұлай болғанда атомдар да бөлінгені ғой. Осы кезде білімділер жоғарыда айтқан сексен шамалы негіздің бәрінің негізі бір нұр екен деп жүр дейді. Олай болса, барлық әлемнің түп негізі нұр болғаны дейді.

Нұр-жарық. Нұр күннен не оттан шыкса да жан-жағының бәріне күлтеленіп шығады. Нұр бір секундта үш жүз мың шақырым жүреді. Күннің нұры жерге 8 минут, 17 секундта келіп жетеді. Күннен де алыс кейбір планета жұлдыздың нұры жерге үш жүз жылда жететіні бар. Тіпті, алыстарының нұры жерге мың жылда азар

жететіні бар. Нұрдың жүрісін білімділер орысша Юпитер, мұсылманша Муштари деген.

- Планеттің /планетаның - құраст./ Пик деген төрт жолдағы Юпитерді айналғанда, көлеңке жағынан шыққаннан өлшеп тапқан. Ол Юпитер Күнді айналғанда он екі жылға жақын мезгілде бір айналып шығады. Бұл нұрдың жайын жазғандағы мақсұтым мынау нұр да өздігінен бар болмай бір нәрседен шығатыны, о да қозғалып жүретіні ойда болсын. Және барлық әлемнің ұшы қиыры жоқ көп зорлығы білінген әлемге қарағанда, білінбегендердің есеп өлшеуге келмейтіндігі оқушының ойында болсын дедім.

Жоғарғы айтылған барлықтың бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылайын деп біліп жаратқан не жоқ деген жол әлдеқашаннан айтылып келе жатса да, әсіресе 17-18-19 жүз жылдардың аяқ шеніне шейін Еуропа ішіне көбірек жайылды. Олардың дәлелдерінің күштірек дегендерін айталық:

1-дәлел: қайта айналыс жолы.

Барлық нәрсенің түп себебі бұрыннан бар қуатты дене /сила вещества/ атом. Әр нәрсені өсіп-өндіретін сол дүниеде еш нәрсе жоғалмайды, бірақ өзгереді. Әр планета, Жер, Күн, Ай болсын басында газ, түтін, жалын сияқты болып көп заманнан соң салқындап қатты дене болып, осы бір калыбында қалмайды. Бірталайдан соң біріне бірі соқтығу сияқты бір себептермен қайта газ болып, онан сұйық, онан тағы қатты дене болып сол үш түрге түседі де жүреді. Қайта қатты дене болған кезде бұрынғысынан жер де, баскалар да не үлкен, не кіші дегендей басқа түрде болуы мүмкін. Және ол қайта жаратылыста жер де, адам, хайуан, өсімдіктер болады. Бірақ өлген соң бізден сезім кетіп, ол өзгерістен еш нәрсе сезбейміз. Ол қайта жаралыста біздің білім, шаруа, байлық, дене сияқтыларымыз мұнан, тіпті, басқа түрде болады. Және барлық әлем біржола газ болмай, бір жағы газ болып жатқанда, біржақтағылары катаяып, қайта жаралып жатса керек.

Мұның бәрін өзгертіп өзінен не шығып, не болып жатқанын сезбейді дейді.

2-дәлел: жаратылыс жолы. Мұқым барлықтың бәрін бар қылып тұрған жаратылыс жолы. Сондықтан біліп жаратушы не деген бекер сөз, ол жаратылыс жолы осы

жаралғандардың өзінен бөлек нәрсе емес. Осыдан бөлінбейтін заң барлықтың бәрі сол заңнан еріксіз жаралып жатыр. Ол заң өсіп өнуге, жоғарылауға ұмтылып ең жақсыны сайлап алады. Сондықтан бүтін әлемдегі планета, жұлдыздардың жаралысы, жүрісі, адам, хайуан, өсімдіктердегі һәм басқа нәрселердің дене бітімі, жаралысы, реттері толық жарасымды мақсұтты жолмен жаратылған дейді. Бұл - философ Литерие сөзі.

3-дәлел: тұқымдастық жолы. Жоғарыда айтылғандай, бар нәрсе өздігінен жаралып жатқан соң, жаратушы деген жоқ. Күрғақтағы хайуандар, адамдар, өсімдіктер, күстар - бәрі теңізден туған. Теңіз жерді орап алғандықтан су хайуандары, өсімдіктері күрғаққа шыққан. Жер жүзіндегі өсетіндердің, жандылардың бәрі басында су хайуаны. Неге десен, қырда не түрлі жандылар болса, теңізде де соған ұқсастар бар. Теңізде жылан, ит сияқтылар болғанымен тұрмай, құс сияқтылар да болған. Сондықтан бұларды бөлек-бөлек жаратқан ие жоқ дейді /Маисннің сөзі/.

4-дәлел: дене сезімі. Біз әр нәрсені денедегі сезімімізбен білеміз. Мұқым барлықтың бәрі жаралыс жолымен еріксіз бар болып жатқанын көріп біліп тұрмыз. Егер біліп жаратушы ие бар болса, бұл жаратылыс себептерінің түк керегі жоқ болар еді. Неге десен, бір жаратушы білімді күдірет бар болғаннан соң бұл себептердің керегі не? Сондықтан біліп жаратушы жоқ дейді. Бұл - Бюхнер сөзі.

5-дәлел: әр түрлілік. Барлық дүниеге қарасаң тасы, ағашы басқа өсімдіктер, хайуандар, адамдар, су, от сияқты, тіпті, біріне-бірі ұқсамайды. Бұл нені көрсетеді? Бұл әр нәрсе қалай болса солай кезі келгендіктен себебіне қарай жаралып жатыр. Оны былай болсын деп жаратушы жоқ екені осыдан мәлім дейді. Бұл Файсадан үш жүз жыл бұрынғы Демокрит сөзі.

* * *

Жоғарыда айтып едік, бұл біліп жаратушы ие жоқ деген жол XIX ғасырдың аяқ шеніне шейін Европа ішінде көбірек жайылды. Онан кейін бұл жол нашарлаңқырады. Оның себебі, магнетизм, спиритизм, телепатия дегендер шыққандығы болды. Оның мәнісі мынау: маг-

нетизм бір адамның жанының қуатымен әсер беріп, еріксіз ұйқтатып, сонан өткен бір істі немесе келесіде болатын бір істі сұрап ғайыптан хабар айтқызады һәм баска істерді істетеді. Спиритизм өлгендердің жанын шақырып келтіріп ғайыптан хабар айтқызады. Кейде қағазға да жазғызады.

Телепатия, тіпті, алыстағы тірі адамның жанымен өз жанын хабарластырып, соған ұнағанын істете алады. Осындай адам таңқаларлық бұрын сыры білінбеген метафизика жаралысы жолымен жоғары қуат барлығы анықталған соң, бұрынғы дене сезіміне ғана нанып, онымен білінбеген нәрсені ғана жоқ деп жүргендердің ойын шатастырып баска ойға түсіреді.

Жан, рух. Жан деушілердің сөзі жоғарыда айтылып еді. Сөйтсе де біраз ұғымдырақ қылып айталық: сөзі мынау - дененің арасы сезімнің орта тұрағы, центрі мида, ол токтаса, бәрі де тоқтайды. Сол мидағы орта тұрақпен мұқым денелер арасындағы сезетін, қимылдататын табыр-сіңірлерге тұтастыратын бір жалғастық / проводкі / бар. Сондықтан жан деген бөлек нәрсе жоқ. Егер жан бар болса, ми жан болар еді. Онын жан емес екендігін көріп біліп тұрмыз.

Дене әрқашан өзгеріп тұратын болғандықтан, жылдар, уақыттар өту себепті, біржола өзге дене болып ауысады. Адамның әр түрлі сезімі, әр істі істеуі сол мидың өзіне ғана біткен сезу, ескерулер. Ол денеше әрқашан өзгеріп тұрмайды. Адам өлген соң, дененің құраулары шашылып-бытырап баска бір өсімдік, хайуандарға кіріп араласады. Сөйтіп әркім өзіне арнаулы жаны болмай, біреуден біреуге көшіп жүретін болған соң, не дене, не жан қайта тірілу жоқ. Адамның сезімі, өмірім деп жүргені сол миға біткен сезу, әсерленудің жанаруы, әрбір жананы сезуі ғана. Өзге бөлек ешнәрсе емес. Ол өзгеріп тұрған дене бұрынғы дененің өзі емес, құры ұқсаған болады. Сондықтан, адам оны өзім деп біледі дейді.

Енді жан туралы ой жүргізген білімділердің сөзін айталық: Герман Шефлер деген білімді айтады: жан атом қуатынан құралған бір қуат дейді. Уиршо - тіршілік механика дене машиналарының 10 түрінен бір түр дейді. Доиуареман: әр тамырда электрия бар; ой денедегі атомдардың қозғалысының әсері дейді. Стуар-

мель: адамның тіршілігі бізге сондай қиын бір сырлармен байқалады. Дүние тіршілігі жаратылыстың өзге көп қиын сырларына қарағанда түпсіз, өлшеусіз; бос-тықтағы кішкентай арал сияқты дейді. Ж. Дольн: жан атом, дене емес, жаннан шыққан әсерлерде дене қасиеті, жөні, ой, оймен суреттеу, ойға түсіру сияқты жан қасиеттерінің түбі де жоқ, суретте және жан қасиеттері заман, уақыт астына кірмейді. Бұл - ақылдың өзінен шығатын қасиеттерді дене жаралысының еш сипатымен сипаттауға, өлшеп ұйқастыруға келмейді.

Бұлайша болып жан жаралысынан денеден шыққан соң, денедегісінен қуатты болып, тіпті, жоғалмайтындығы білінеді. Шын анықтап қарағанда, жан дене сияқты емес. Дене өледі, өзгереді. Жан олай емес, екеуі бірігіп тұрған кезде бірі-біріне қатты әсер береді. Ашу, жек көру, сүю сияқтыларда әсері бетке шығады. Жан қатты әсерленсе, денені қиыншылыққа түсіреді. Кейде қапиядағы қатты қуаныш, қорқыншы, қайғы адамды өлтіріп те жібереді. Жан мен дене біріне-бірі жат, бөлек жаралған болса да, бірігіп тұрғанда үстіп біріне-бірі әсер береді. Докторлардың айтуынша, бір нәрсені ойлап сүрендеген ой денеге әсер береді дейді /Дольн, Декарт/. Жан мен дене бір-біріне, тіпті басқа түрмен болса да, жаратушы ол екеуін бірі-біріне әсер беретін қозғалыстан болғызған жанға денесімен әсер беріп, денені жан әсерімен қозғалыс қылғызған дейді Олер.

Жан мен дененің бір -бірімен әсер беруі қайтарыс жолымен дейді, мәселен, тасқа соққан дауыс қайта естілген сияқты /Коддрс/ Жан мен дене арасында орта себеп болатын бір нәрсе бар, екеуінің де қасиетіне ортақ болатындықтан екеуін қосып жарастырып тұрған сол дейді /Ж. Дольн/. Бұл туралы былай айтады: жан бөлінуді қабыл алмайды. Және денемен бір жола бірігіп те қалмайды. Ол екі араға тағы бір нәрсе қосып, оның міндетін анықтауға ақылымыз жетпейді. Бірақ, ондай нәрсе бар болса, өлшеу, сипаттауға келмейтін бір мысал, яки қиял, сәуле сияқты болып, сол тамыр-сіңірлер арқылы әсер беретін шығар дейді /Ж.Дольн/.

Ж. Дольн және айтады: бұл ортақ дене дегенді айта-тын себептері Францияның военный академиясының /соғыс мектебінің/ үстінен қарайтын Доруцатстың магнетизм жолымен бір адамды ұйықтатып, соның денесі

өлімге ұқсас бір халге түскенде, жаны бұрынғы денеден шығып, сол адам қасында бір түрде болып отырғанын көргендіктен анықтап білдік дейді. Сондықтан, жанның түпкі негізі білінбегенмен, сол сәуле сияқты дене өлген соң да, сол жанның өз алдына біреу болып жүруіне жәрдемші екенін білдік дейді.

Және бір дәлелдері: 19 жүз жылдар ішінде болған Франция адамы Аланкардың айтуы солай дейді? Бұл жан шақырып алатын сперт еді. Оның айтуынша, жандар өз дүниелерінде біз сияқты барлар әр қайсымыз тірі күнімізде адам атанып, өлген соң жан боламыз. Бұл дене - ортақ дене, екеуі де жансыз ешнәрсе сезбейді. Ортақ дене тірі күнде денеді болса, өлгенде жанмен бірігіп кетіп біржола бар болады дейді.

Жаралыс /жаратылыс - құраст./ жолы физика жолымен табылмайтын, сыры білінбеген /физика/ нәрселер туралы Европа білімділерінің сөздері мынау: атақты философ Жостшбатия шын білгіш ғалымдар жаралыс ғылымының әр тарауында білімінің, тіпті, азғана екенін, білінбеген, сыры шешілмегендерге карағанда, білгендері ноль есебінде жоққа есеп боп қалатынына еріксіз мойындайды деген. Био деген білімді айтқан: барлық жаралыстың заңдарын ойласам, ұғындыруға шамам келмей таңқаламын. Кейбір жазушылар бізді қанағаттандырмақ боп, терең ойларды білгізбек боп көп кемшіліктің ұғымсыз жаратылыс жұмбағына карағанда, бос сөз болып қалатынын шын батылдықымен айтамын дейді.

Герберт Спенсер күн сайын білінуі қиындаған сырлар туралы қанша дау айтысып, ой жүргізсең соншалық ашық /форма/ нұсқада адамнан үстін бір нәрсені барлыққа келтіруші, бұрыннан бар, тіпті жоғалмайтын бір қуаттың барлығы аңғарылады дейді. Проф. Фонтель "Білім айналасында" деген кітабында айтады: жаралыс физика бізге ең керектігі біздің тоймаған ақылымызды тойғызатындай емес, ең зор керегі барлықтың бәрін жаратушы иені тануға қарай жетелеуінде һәм соның күдіретінің өлшеусіз зорлығымен біздің ақыл сезімімізді таңғалдыруда деген. Руссо деген атакты поэт /ақын/ айтқанмен, басында адам тәңірінің барлығына нанбаса да, толықтыққа жетеді деп ойлаушы едім. Аяғында онымның бекер ой екендігін білдім. Тәңірінің барлығына ақылымен әбден нанбай тұрып адам толық

тазалыққа жете алмайды деген зор философ Биренжие. Дін мәселесі шешілу үміті таялды деген Жан Жак Руссо, Ламетри, Лемке, Мишель, Кеттле сияқты неше жүз білімділер адамның ішкі ыдынын тексеріп, дүниені жана бір дін қаптаса керек деген.

Жоғарыда аталған Фонтель айтқан: адамдар жаратылыстың негізгі сырын білуге соншалық нашар. Білмегеніне карағанда, білгені жоққа есеп. Сөйтіп тұрып себебін, мәнісін таба алмай нәрсені біржола жоқ деп таласады. Мұның сезімі дене сезіміне ғана нанып, басқаға нанбай терең ойлағандықтан жалғыз дене сезіміне ғана нанып тұрса көп шатақ ойлар, даулар болмас еді деп жаралыс жолымен қуып, сыры табылмайтын /метафизика/ істі ойлауға бөгет болуды да ойласқан. Мәселен, 1797 жылы туып, 1857 жылы өлген Огюст Конт позитивизм /шын анық/ деген бір жол шығарды. Оның қорытындысы мынау: көзіміз көріп, өзге сезімімізбен әбден анықталмаған һәм жаралыс жолы физика ғылымымен тексеріліп шындығына көзіміз жетпеген нәрсеге әуре болмайық деген. Бірақ адамда жаралыс жолынан жоғары бір қуат барлығын сезетіндік бар болғандықтан, күн сайын бұрын сыры білінбеген нәрсе табылып, бұрын тіпті мүмкін емес дегендеріміз әншейін дағдылы нәрсе болып, оны күнде пайдаланып отырғандықтан ол Конттың сөзіндей сөздер адамды жаралыс жолынан жоғары қуатты ойланудан тоқтата алмайды. Осы кезде Европада әлде жүз ғалымдар магнетизм, спиритизм, телепатия сияқты ғылымдарды құрал ғылып күні-түні жан мәселесін тексеруде.

Сыры жасырын нәрселермен жан туралы, тіпті, қымбатты кітап жазған Камиль Фламарион айтқандайын біз жалғыз ғана дене сезіміне тоқтап қалсақ қатты алданамыз. Иондық-гректің Пифагор деген білімдісі, тіпті, кішкентай жердің айналасында өзге зор планеталар айналғаннан гөрі жер һәм өзге планеталар Күннің айналасында айналғаны ақылға сиымды. Аспаннның механика заңына да жөн дегенде сол заманның зор ойшылдары Платон, Архимед, аспан ғылымына жүйрік Птолемей, Гиппарх күлкі қылмас еді. Сократ жаратушы не бар деймін деп не көрмеді. Галилей өзге планеталар жерден үлкен дегені үшін не көргенін білесіздер. Ауа /воздух/ кислород-азот деген екі газдер қосылға-

нын тапқан Лавуазьеге онысын теріс көріп, химия ғылымына жүйрік, академия члены Боуме протес қылғанына дым көп.

Архимед Файсадан 287 жыл бұрын болған /грек-ион/ көп уақыт өткен де жоқ. Сондай жаңа сыры ашылған нәрсенің бәрі басында күлкі болып, аяғында шын болған дейді Фонтель. Осы күнде сыры табылған физика жаралыс жолынан жоғары қуаттың барлығын 1738 жылы туып 1815 жылы өлген Месмер деген Германияның докторы хайуан магниті деген нәрсені тауып сонымен ауруларды емдеген. Оны бүкіл Европа білімділері тексеріп бір қуаттың барлығын мойындаған. Месмер өзі доктор, көп ғылымды адам, бірақ емдеуді ғылым жолымен емес, бір шелек суды өзінің бір түрлі жолымен магниттейді де, сол суға кейі қолын, кейі аяғын сұғып, кейі құйынып жазылады. Суды магниттегенде сикыршы жәдігөйлер сияқты ақылға қонымсыз, Алатау жақтағы қаракүрт шаққанды емдейтін тарамшы дейтіндер сияқты-ау деймін.

Францияда оны тексеруші комиссия шығып, хайуан магниті түбі білімсіз болса да, әсер беретіні рас екен деп жар салған. Бұл хайуан магнитінің түбі білімсіз болғаны сияқты электрияның да түбі білімсіз. Бірақ электрияның не нәрседен шығатыны менен неғылып іске жарайтыны табылғандықтан, ғылым еріксіз қабыл алып отыр. Сымсыз телеграмм шықпай тұрғанда жаралыс жолымен іс қуғандар оны мүмкін дер ме еді? Соған қарағанда магнетизм, спиритизм, телепатиялар да бүгін түп себебі табылмай тұрған қуат екенін мойындау керек дейді. Білімділер бұл гипнотизм, спиритизм, телепатиялармен ауыр нәрсе жеңілденеді, жеңіл нәрсе ауырланады, тірі адамды ұйықтатып, жанын әлденеше жүз шақырымдарға жіберіп ғайыптан хабар алады. Өткенді, келесіні сөйлетеді. Өлген адамның жанын шақырып алып сөйлеседі, жазғызады. Сондықтан олар жанның барлығы, тіпті жоғалмайтындығы анықталды дейді. Мұның бір қатар шартын тапса әркім өзі сынап білуге мүмкін. Жоғарыда аталған Месмер мен Калиостро деген адам Европа білімділерін таңқалдырған. Калиостроның қылған ісі 18 жүз жылдар Францияның наследнигі /орынбасары/ болып, онан кейін король патша болған, аяғында еліне зү-

лымдық қылғандықтан өлтірілген ХҮІ Людовик деген болған.

Соның наследник күнінде соған тиіп неке қиғызамын деп Францияның патшасы тұратын Париж деген қалаға бара жатқан Мари Антуанетта деген қыз жолда Францияның бір аксүйегінің үйіне түскен. Сол үйде Калиостроға кез келген соң, оның ғайыптан айтатынын естіген соң Мари Антуанетта Калиостроға бал ашқызып беріңіз. Менің осы некемнің арты не болар екен деген. Калиостро бал ашпаймын десе де қыз болмаған соң, бір шелек судың айналасында әр түрлі істер істеп, ұғылмайтын сөздер сөйлеп, қызға осы судың түбіне қара, өмірінді сонда көресің деген. Қыз суға біраз қарады да, ойбай деп талып қалды. Есін жиған соң қыз да, Калиостро да еш нәрсе демей жөніне кете береді.

Қыздың талған себебі, сол судың түбінде көп адам жиылған. Ортасында өзі. Өмірінде көрмеген бас кесетін машинаға жазалы адамдарды әкеліп бас кесіп жатқандарды көрген. Аяғында Маридің өзін де сол машинаға әкеліп бір тесігіне басын сүкқанда, машинаның жоғары жағынан бір балта сияқты нәрсе Маридың басын қиып бір шылапшында домаланғанын көріп, сонан шошып қалған. Мұның бір таңырқарлық жері ол кезде бас кесетін гильотина деген машина жер жүзінде жасалған жоқ-тығын.

Онан соң Мари наследникпен некеленген. Бірталай уақыттан соң король болған. Онан да бірталайдан соң үкімет басты қинамай тез кесетін айла іздеп жүргенде, профессор Гийотек деген бір бас кесетін машина тауып, соның суретін салып, қалай істейтін жайын жазып абақты бастығына берген. Ол апарып корольға көрсеткенде, Мари корольдың қасында болғандықтан, әлгі машина суреті баяғы суда көрген машинаны дәл өзі болғандықтан, Мари ойбай деп талған. Есін жиған соң король неге тандың дегенде, баяғы көргенін айтқан. Онан бірталайдан соң аяғында Маридің де, корольдің де басы сол гильотина дегенге кесілген.

Калиостроның шын аты Джузеппа Бальзамо. Жандардың насихатымен атын Калиостро деп өзгерткен, заты италян. Жоғарыда жан туралы аты аталған Аланкардың шын аты Рауэль. Ұждан насихатымен өзгертілген, заты француз. Осы француз сперттерінің жолы сол

Аланкардың жазып қалдырған кітабының жолы. Бірақ оны француздар ғана ұстайды.

Англия сперттері оны теріс дейді. Брахман дініне ұқсас, мәселен, өлген соң жаны бір хайуанға кіріп, сонан және біреуге кіре-кіре әбден тазарады. Мұны жандар солай айтты дейді. Англия сперттері жан басқа хайуанға кірмейді, кей жандардың сөзін материализмге /жаралыс жолы дене жолына/ ұқсайды. Кейінгі басқа жолға ыңғай болады. Мұндай бір-біріне шатақ жан сөздеріне Аланкар себеп көрсетеді. Мәселен, адамдармен хабарласатын, көбінесе төмен дәрежелі жандар болады. Сондықтан, олардан шатақ сөз шыға береді. Кейбір сөздер надандар сөзі сияқты болатыны сонан. Бұл Аланкардың "Лажаз" деген кітабында сперт жайын, әсіресе жан жайын әңгіме сияктандырып мысалдап әдемі суреттейді. Мұның қылған істері көп. Оның бәрін жазбай-ақ сперттердің сырын табамыз деп ізіне түскен білімділердің бір сөзін айтайын. Морс Лошатый деген "Білім лұғат" деген кітабында айтады, сперт туралы ойлаған ойлар бұрынғы ойлаған ойды өзгертіп, жоғарырақ ойлағандарды таңқалдырар. Бұл спиритизмнің тамам ғылымды жұрттың арасына кіріп кетуі кешікпей-ақ мұны анықтап жарыққа шығарушы Аланкарды 19 жүз жылдықтың ең зор ғылым өнер шығарушысы дегізер дейді.

Магнетизмді, спиритизмді жөдігөйлік, мұның сырын ашып һәм маскара қылайық деп Европа білімділері ізіне түссе де, көзі жеткен соң бір қуаттың барлығын еріксіз мойындады. Кейбіреуі өзі істеп көріп анықтайды. Бірақ түп себебін тапқан әзір ешкім жоқ. Сол ізерлеген білімділердің сөзін айтайын. Ожен Воннер айтады: мен басында спиритизмге күліп едім, енді оным ақымақтық екенін білдім дейді. "Равель" газетінің ғылым туралы жазушысы Виктор Моние айтқан: бұл спиритизм физиктердің /дене/ жаралыс жолын қуғандардың құлаған ойларының үстіне балта көрмеген орман ағашы жоғарылауда деген. Сол газеттің бас жазушысы Август Багери айтқан: алғашында Америкада таяқ жеп, аяғында анықтығына он төрт мың адам нанып қол қойған спиритизмге өзін тәжірибе қылып, сынап еріксіз нандым деген. Оның "Миед Дели Стуар" деген кітабы бар. Сонда белгілі сперт Дожерден деген әйелдің істері туралы сөйлейді. 1896 жылы Нансы дәрігерлік факульте-

тінің профессоры Брангайер магнетизм жолымен ұйықтатып емдеуге бола ма екен деп бір адамды ұйықтатып сынағанын айтады. С... ұйықтатып оянганда /оған/ артындағы столдағы күміс қасықты қалтаңа тық, мені көрмедім де дейді. Ол оянганда алдындағы күміс сағатын алып, жоқ бұл ұрлық болады, бұл жарамайды деп қайта қойды дейді. Ұғындыруым нашар болғанын біліп, бір күні тағы артындағы күміс қасықты ұрламасқа лажын жоқ, қалтаңа тық мен көрмедім. Ол оянганда артындағы столға қарап қасықты алды да не болса да лажым жоқ деп қасықты қалтасына тықты. Мені көрмедім деді.

1843 жылы Парижде шыққан "Клуб" газетінің 14 июньде шыққан номерінде Гартс Догасиен қол қойған "Ұйқыда кезу" деген мақалада айтады: Валери Обал көшесінде 243 нөмірлі үйде доктор Коканның ауру қарайтын бөлмесінде гипнотизм жолымен қатты ұйықтатқанды көрдік дейді. Лапонтин деген гипнотезер 22 жасында бір әйелдің шіріген тісін докторға алдыру үшін ұйықтатып, денең түк нәрсені сезе ме деп сұрағанда, сезбейді деп жауап берген соң, әйелдердің қалпақ шәлі бекітетін инелерін әлгі әйелдің бетіне, білегіне, тіліне ине сұқса да түк сезбейді. Доктор әдейі ауыртпақ болып, тісінің етін қандауырмен тіліп, тісін суырғанда қаны бүркыраса да әйел түк білмей, оянған соң да түк ауырмағанын айтты. Сонда жиырма шақты кісі көріп тұрдық дейді.

Мұнан отыз жылдай бұрын Үндіқытай теңізіндегі Францияның пароходындағылар спиритизм туралы сынау үшін, жан шақырып сөйлесіп отырғанда, бұрын өлген жолдастарының жаны келіп, мен өлмей тұрып кеме бастығы капитаннан бес франк жиырма бес центі ақша қарыз алып, соны төлеп алмай өліп едім. Сол маған қиын болып жүр. Сіздер мархабат қылып капитанға сол ақшаны төленіздер деген. Капитаннан сұраса ұмытып қалыппын деген. Аналар жалынып сол жылғы книгасын қараса, дәл болып шыққан.

Марсельде осындай бір сынау жасап отырғанда, бір жан кеп көршілеріңізде қант саудагерін шақырыңыз, соған айтатын бір сөзім бар десе, саудагер мұндайға нанбай жәдігөйлік дейтіндігінен келмейді. Жан: келсін. Қызыл теңізге жіберген кемесі жайында айтамын деген соң саудагерді жалынып жалпайып алып келгенде, кане

жәдігөй маған не айтасың дейді. Жан айтыпты: мені каралағанда не табасың сорлы, сен сәрсенбі күні Қызыл теңізге бір кеме жібердің, сонша кант, сонша қызметші, сондай жолаушы бар, капитаның пәленше, кеме он екі сағаттан соң толқынға ұшырап, жағаға тоқтап, оны-мұнысын түзетіп және жүрді. Ион жиегіне шейін жақсы барса да, Метабан тұмсығында қатты толқын болып, компасы /қыбыламасы/ сынып жолдан адасты. Таңға жақын бір нәрсеге қатты соқтығып, бір адам тірі қалмай суға кетті. Мен солардың бірінің жанымын. Саған хабар бергелі келдім. Өкімет есітіп, тексеріп жатыр. Бұрнағы күні пристанға хабар келеді. Сонда менін жәдігөй емес-тігімді білерсің дейді. Айтқандай хабар келіп бәрі дәл шықты.

Спиритизм жайын тексеруші Озен Носи жазады: 1759 жылы Англияның әскері Американың тұрғын халқымен соғысқандағы коменданты Цицерь Уильямс, Джонсон Сосет Мэрдағы Американ адамдарына елші жіберіп, Нигера қаласына келсін, сол жерде бітім шартын жасайық дейді. Алдындағы соғыста американдықтарға қолға түскен Александр Калмри деген офицері елші барғанда Американың қолында екен. Сол айтады: Елші келген соң, американдықтар "Зор тасбақа" деген жанды шақырып, соған ақылдаспақшы болып, бір үлкен шатыр тігіп, жан шақырушысы шатырдың жанында әлденелер істеп, ұялмайтын сөздер сөйлеп, шатырдың алдына етпетінен жатты. Сонда шатыр солқылдап біресе олай, біресе былай қисайып, ішінен әлдене түрлі қорқынышты дауыстар шыққан соң, жан шақырушы шатырға еңбектеп кіріп, біраздап соң терлеп шыққан соң, халқы "Зор тасбақа" не айтты деп анталады. Сонда жан шақырушы барғанымызды ұнайды, комендант бізге көп сый беріп қайырады, ішінде сондай-сондай сауыттар, бәлендер бар дейді. Аяғында соның бәрі дәл шықты дейді.

Париждегі спиритизм мектебінен оқып шыққан түріктің Хасан Марзух деген сперті: спиритизм, магнетизм туралы Стамбулда бастырған кітабында айтады: біз Парижде бірталай сперт жан шақырғанымызда көбінесе Жаксаза деген жанды шақырушы едік. Онымыздың себебі, оның айтқаны дұрыс шыға беруші еді. Бір шақырғанымда түрік сұлтаны Фабулхамиттің зұлым-

дығын халқы қанша уақытқа дейін тартады деп сұрағанымда:

-Патшалығының отыз үшінші жылының тоғызыншы айында тақтан түседі,- деді. Өлімі қашан дегенімізде, Австрия-Венгриядағы Франс Иосифтың өлімінен кейін болар, алты айдан кейін бе, қалай деді.

Ғабдулхамиттің түсуі айтқанындай шықты. Ғабдулхамит Сламекте өлді деген хабар өтірік болады. Енді өлім туралы айтқаны қалай болар екен? Соны ескеру керек дейді Хасан. Ол кітабын Ғабдулхамит түскен соң 1909 жылы бастырған.

Спиритизмнің Америка, Европада алғаш анықталуы. 1847 жылы Германияның Нос фамилиялы бір үйлі жаны Америкаға келіп, Гизоиль қышлағында тұрды. Бұл Гизоиль Нью-Йорк қаласында Аркадие ішіндегі Ден-Котлада болады. Фамилиясы Америкаша Фокус болды. Бұл бір үйлі жан бір әке, бір шеше, екі қыз. Қыздың үлкені Маргарет 15-те. Кішісі Кейт 12-де. Бір қатардан соң тұрған үйлерінің төбесі, едені, қабырғасынан неше түрлі дыбыстар шығатын болып, аулақ қалған үйдегі көрпе-жастық сияқты нәрселері ауысып-шашылып қалатын болады. Басында көпке шейін қорықса да, Кейт үйрене келе, ақсақ шайтан, менің істегенімді істеші деп қолын о да шығаратын болды. Сөйте-сөйте жан екенін біліп, Кейт сперт болды. Онан кейін Аери дариясының жағасындағы Ошестр қаласына көшіп келіп, неше түрлі спиритизм ісін көрсете бастаған соң, халық неше рет комиссия шығарып тексерсе де, шығарған комиссияның бәрі алдаусыз, айласыз бір қуаттың барлығын растады. Қара халық оған да болмай, бұл жәдігөй, мұны тірідей кескілейміз деп Кейтті өлтірмекші болғанда, өздері қасиеттейтін бір Джорж Обленс деген сопысы: мені өлтіріп, денемнің үстінен өтпей, Кейтті өлтіре алмайсыңдар деп Кейтті азар алып қалған. Онан соң Американың Однос Мефс, Руберт Кеер һәм Лондондағы профессор Крокс сияқты данышпандар тексеріп алдау, айласыз бір қуат барлығын анықтадық деп жариялады. Жоғарыда аталған "Ревель" газетінің бас жазушысы Август Багеридің Америкада таяқ жеп, аяғында шындығына он төрт мың кісі қол қойған спиритизм дегені осы Кейттің ісі. Англияның атақты білімдісі Цормент Крокс айтады: -Еш бір ғылым білмейтін бір сперт

жан шақырып келтіргенде, ғылымды философтардың сөздерімен сөйлесіп дұрыс шығады деген соң, соны өзім сынап айтқан сөзімнің бәріне де ғылым жолымен жауап берді.

Әншейінде ғылым түгіл жай сөзге жауап бере алмайтын надан дейді. Францияда атақты сперт Жанна д'Арк деген қыз жанның даусын естіп соны қағазға жазып отыратын болған. Колбен Штобе деген сперт ақ қағазды столға не сандыққа салып қойса, жан соған жазып кетеді дейді. Громоотвод / жай тартатынды/ шығарған Бенжамин Франклиннің жаны сперттерге келіп спиритизм жайын үйретеді дейді. Кейбір жандар артынан дұға қылып, күнәмды кеш деп сұрайтын кісім жоқ. Сондықтан жоғарылай алмай жүрмін дейді. Кейбіреуі мойнымда қарыз кетіп, сол бөгет болып жүр деп айтады дейді. Тіпті бір таңырқарлық іс. Сперттерге орысша Марс, мұсылманша Марных деген планетадағылардың жаны келіп хабар алысады дейді. Олардың бір түрлі тілі бар. Соның бір-екі ауыз сөзі мынау: "Кеуи қашан бри-мер ем на еб", ол - тағы қашан келеді деген сөзі.

Атақты бәйт ақын-жазушылардың бірқатары спиритизм туралы ойларын өлеңдеріне қосқан. Бұл сөзіме Тиопель Коньенің "Спирит" деген кітабы мен Мышланың "Махаббат" деген кітабы куә. Францияның атақты ақыны Виктор Гюгоның спиритизм туралы айтқан жырының мағынасы мынау: Сөз сөйлеп қозғалатын столды бір талай жандар ермек қылып көңіл жұбатады. Ашық ұғысайық, мұндайды жеңіл есептеу орынсыз. Ісі ғылыми ең зор ғалымдар енді бірі Германия тілінде "Спенс" газетасы оны да өңкей білімділер шығарған фахризм деген болады. Ол-Үндістан дуалыларының ісі. Оларды фахр дейтіндіктен фахризм атанған. Олар оқымай, ешкімнен үйренбей-ақ өзін өзі жөндеп тазартпай-ақ адам істей алмайтын істер істейді. Мәселен, бір үйде отырған бір қатар кісіге менің рұқсатымсыз еш қайсың қозғала алмайсыңдар десе, ешбірі қозғала алмай қалады. Бұл бақсылардың жолы болса керек. Жас күнімізде бақсылардың асау атты жүгенсіз мініп үйге кіргізгенін, алты канат үйдің шаңырағынан секіріп шыққанын көріп едік. Әншейінде оның бірін істей алмайтындығы анық. Жоғарыда аты жазылған түрік сперт Хасан Марзух кітабында айтады. Бір адам көз тигізші деген соң, соған

анау какладан алғаш кім кірсе, соған көз тигізші дедік. Біраздан соң қашырға мінген бір топ молда кіріп еді. Өлгі адам тұра келіп қадала қарады. Екі жүз адымдай жерде келе жатқан поптың қашыры тайып жығылып, анадай барып құлады дейді. Қасына барсақ, еш жері ауырған да жоқ қашырын мінді де жөнелді. Көшедегілер қашыр таймаушы еді деп аң-таң. Біз көз тигізгенше аң-таң болдық дейді. Кейде тірі адамның жаны дене сезімсіз-ақ ғайыпты біледі, адам істей алмайтын іс істейді. Орысша лунатизм, Европаша сомнамбулизм дегенді ғылым оқығандар біледі. Ол біздің қазақша айтқанда, кейбір адам ұйқысырап жүріп кетіп әлде не түрлі істерді істеп, қайта келіп жатып қалады да, оянғанда онысын білмейді. Оны біздің тілде ұйқыда кезу дейді. Мұндайлардың кейбіреулері биік үйдің шатырына шығып, таймастан дәл шеткі қырымен айнала жүріп келіп, сатыдан түсіп төсегіне жатқан. Ол жүргенде дымды мүлде сезбейді, ұйқыдан оянған соң онысынан өзі түк білмейді. Мұндайлар көп болады. Ондайды өзіміз өз көзімізбен де көрдік. Кейбір адамдардың пәлен жерім тартты, онда солай болушы еді дегені де дәл шығады. Кейде көрген түс бұлжымай дәл келеді. Ол да, тіпті көп. Италияда дүние аралап жүрген бір қатын айнаға қарап киімін түзеп тұрғанда, Парижде қалған 13 жасар жиені айнада көрініп, көрдің бе шеше, мен өлдім деген. Ол баланың шешесі әлгі қатынның сіндісі еді. Жақында жазған хатында ондай жаманат жоқ еді. Келесі хатта жазбаса да қатын шыдай алмай Парижге келсе, дәл айнадан көрген күні жисні өлген екен. Сіндісі апам қайғырар деп хат салмайды.

Америкада бір адам өзінің жақын қарындасын қиянатпен алдап, жақындық қылып, ол буаз болып қалған соң, халықтан жасырып, елеусіз орынға қойса да білінетін болған соң, қызды өлтіріп көмген. Біраздан соң бір диірменшіге түнде әлгі қыздың үрейі аруағы келіп: мені ломмен өлтіріп, бәлен жерге киімімді, бәлен жерге денемді тықты. Соны судьяға айтпасаң өзінді жазым қыламын деген. Сонда қыздың миы бырқырап, қан ағып, миынан дене суреті түгенделген. Жас баланың сәулесі көрініп тұрыпты. Диірменші судьяға айтпаған соң, үшке шейін тыныштатпайды. Аяғында айтып тексеріп, айтқанындай шыққан соң, сперттерге сол қыздың жанын

шақыртып алып, үйдің төрт қабырғасына сегіз жерден сурет тартатын аппарат қойып, соған қыздың жаралы пішіні иығынан көрінген баланың сәулесі түсіп, сол сурет күні бүгін ғылым жиналысы үйінде тұр дейді. Спиритизмді алғаш ашқан Кетти Кипикак деген Америка әйелі де сперттерге келгенде фотография сурет тартатын аппаратпен алған сурет бар дейді.

Бір ғылымды қатын түнде қорасындағы иттер үрген соң, тысқа шықса ешнәрсе жоқ болған соң, қайта келіп шамын өшіргелі жатқанда күнде жеміс сатып жүрген бір кедей қатын көрінеді де, мен бұрынғымнан да сорлы болдым дейді де жоғалады. Қайдан келгенін білмей есікке қараса, ілулі тұр. Ертең ерте әлгі бейшара қатынның үйі өртенеді. Бұған көрінген кезде жемісті қатын үйінде ұйқыда. Үйде аман қалған адамдар жаралыс жұмбағын шеше алмағандықтан, әлде қайда сандалып, ойлағандарын идеалист дегендердің сөздерін оқыса байқалады.

Олар дүниеде нағыз шын нәрсе жоқ дейді. Осы бар деп жүргеніміз құры ғана қиял, айнадағы көлеңке, не сағым сияқты нәрсе. Нағыз шыны бұл емес дейді. Дәлелдері: сезімдеріміздің бәрі бізді алдайды. Мәселен көз алыстағыны сағымданғанды әлде не қылып көрсетеді. Құлағымыз да бір дауысты әлде ненің дауысы сияқтандыра, ойымыз да бір нәрсені шын деп байлап, онысы ката болып шығады. Тіпті бізде дәлін табарлық сезім жоқ. Және ұйқымыз бен ояуымыз бірдей. Ұйқы тұс көргенде әлде нені көрмейміз. Ояуымыз да сондай. Түстің бекер екенін, ояудағымыз анық екенін айыратын қаруымыз жоқ. Бір сенген дене сезіміміздің бәрі алдайды. Сондықтан ұйқыдағымыз, ояуымыз бірдей.

Баяғы Платон деген білгіш өзінің "Республика" деген кітабында Троглодит деген адамдар болыпты деп мысалдайды. Олар зындан сияқты бір қараңғы үңгірде өскен, өмірінде жарық көрмеген. Соның бірі әлде қалай кез болып, үңгірдің аузын бекіткен есікке қақтығып, есік ашылып тысқа шыққан. Басында көзі шағылысып түк көрмесе де, үйрене келе күнді, ағашты, суды, шөпті, тауды көріп қуанып, тамашалап, жолдастарына келіп айтса, мынау жынданған екен деп күлкі қылыпты. Әлгі байқус анық көрген табиғат қасиеттерін айтпай тұра алмай, шын дей берген соң, аналар оны ұрып-соғып қойғызбақшы болады. Бірақ оларды сөуге де бол-

майды. Себебі, өмірінде ондайды көрген жоқ. Не барып олар да тексеріп көрген жоқ. Өйтіп сынап қараса ана байғұсты сөкпес те еді. Сондықтан біз өмірімізде көргеніміз жоқ ондайды, білмейміз, біз білмеген соң ол айтқаның жоқ нәрсе дейді де қояды. Оған лажың не?

Бұл кітапты сөздің түп мақсұты барлықты басқа жаратушыда білім бар ма, жан өлген соң жоғала ма деген еді. Бұл екеуін бар, жоқ деушілердің сөзін білгенімше жаздым. Және жан жоқ деушілерге қарсы дәлел қылынып тұрған магнетизм, спиритизм, телепатия, фахризм, лунатизм, түс сияқтыны көбірек жаздым. Оны көп жазғаным қызықты ертегі айту емес, әр түрінен біреуін көрсетпекпін.

Жоғарғы тәңірі бар ма деген екі сұрауға баяғыдан бері талай жауап айтылып, талай ой жүргізілген. Сол жауап пен ойлардың кейбірі үстін болып, кейде анасы үстін бола келген. Бұл туралы қайсымыз қандай дәлел айтып, қандай ой жүргізсек те, сол ескі замандағы бір ойшылдың әніне басатынымызға дау жоқ. Менің ойымша, ескі замандарда ойламаған ой, айтылмаған сөз, істелмеген іс қалған жоқ. Бәрінің басын олар бастап кеткен. Бірақ көп заман өту, қазаға ұшырау сияқты себептермен жоғалған, ұмытылған. Өйтсе де қаншадан кейін екенін өзі білсін, келген уақытының киімін киіп жаңарып шыға келеді. 17, 18, 19 жүз жылдарға Европа білімділері баяғы грек-ионның Эпикур, Демокриттерінің ойларын жаңғыртып отырған жоқ па? 19 жүз жылда болған Дарвин әлде қашан сүйегі қурап қалған Мгигеннің таяғына кез келіп, соны үкілеп отырған жоқ па? 16 жүз жылдағы Коперник сүйегінің күлі де қалмаған грек-ионның Пифагорының бөркін тыстап киіп отырған жоқ па? Жакын арада таптық деп жүрген электрия қуатын грек-ионның әлде қашанғы табысы тапқан жоқ па еді?

Әнші, күйші кетседағы,
Ән менен күй баяғы.
Олар өзі өтседағы
Қалды бөркі, таяғы.

Сол сияқты біз де жоғарғы екі сұрауға өткен білімділердің сөзінен қорытып оның үстіне тұңғыш ой деп өз ойымыздан жамау салып, бөрік жасамақпыз. Бірақ

тұңғыш дегеніміз әлде қашанғы кімнің ойы болып шығарын білмеймін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Барлықтың түп себебі жаратушының білім, күдірет шеберлігінде өлшеу жоқ. Дәлелдерім: ғылым жолында бұл барлықтың ешнәрсесі өздігінен бар бола алмайды да, қозғала алмайды. Ол бар болайыншы, қозғалайыншы дей алмайды. Бұған себеп керек. Егер ол себепке де бір себеп керек болып, себептің түбі жоқ болады делінсе, ең түбі себепсіз, бар себеп болмаса болмайды. Сол себепсіз бар болу себеп жаратушы болады. Егер сол себепсіз бар болған атом, нұр сияқтылар делінсе, олар себепсіз бар болған нәрсе емес, дәлелім - оларда қозғалыс бар, қозғалуда, жүрісінің өлшеуі бар. Өлшеулі нәрсе өзі бар болған емес. Егер қозғалыс притяжение, отрицание өзіне тарту, әрі итеру заңымен делінсе, ол қозғалысқа да себеп керек. Ол заңды салушы керек. Және атом сияқты түп негізде ерлі-қатындылық сипат бар. Мәселен, сила вещества /қуатты дене/ ол скеуі бір-біріне мұқтаж, олай болған соң ондай нәрсе өздігінен бар болды деуге қисынбайды. Сондықтан олардың түп себебі себепсіз бар себеп, түп жаратушы. Ол түп себептің білім күдірет шеберлігінде өлшеу жоқтығы мынадан анықталады. Барлықтың не нәрсесіне қарасаңыз да мақсұтсыз, керексіз жаралған емес. Бәрін айтпай-ақ өз көзіңізде ойлаңыз: құлақ, мұрын, ауыз сияқты мүшеніз мақсұтпен жаралғанын көрсіз. Ғылым жолымен өсімдік ағаштардың тамыры, өзегі, қабығы, жапырағы, гүлі сияқтылардың бір де бірі бұл мақсұтсыз деп айта алмайсыз. Бұлар нені көрсетеді? Түп себептің бүйтіп салған жолына қарағанда, оның білім, күдірет шеберлігінде өлшеу жоқтығын анықтайды. Егер осының бәрін істеп шығарып тұрған түк сезбейтін соқыр табиғат болса, онан мұндай мақсұт, білім, ерік, гармония тартып жарасым тандау жоғарылау шыға алмайды. Өйтіп кез келгендіктен еріксіз жаралып жатыр дегендерді жан ғылымына жүйрік психолог, өлермен философ Вольтер ақылдары шатасқан деп сөккен. Себебі, толымды нәрсенің толымды болатын себебі, толымсыздық ісі де толымсыз болатынын ғалымдар түгіл жабайы кісі де білсе керек.

Біз естінің ақылын, күштінің қуатын, ұстаның шеберлігін ісінен танимыз. Менің ойымша, бүтін барлықтың бәрі бізді осындай болмақ жолды салған түп жаратушының білім, күдірет шеберлігінде. Өлшеу жоқ деп бізге секунд сайын айғалап тұр:

Бізге дүние түпкі сырын,
Көрсетіп те айтты ғой,
Елемеді оны біздің
Тіпті өзімізшіл мисыз ой.

